

Сарыбаева И.С.

Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігінің ерекшеліктері

Халық даналығында айтылғанындай «егер қарт адам өмірден өтетін болса, онда бір тарих жоғалады». Қарт адамдар өткеннің, қазіргінің және болашақтың тасымалдаушысы. Олардың ақылы мен тәжірибесі кез келген қоғамның негізін құрайды. Қазіргі таңда мемлекет аға буын өкілдерін, әрбір жаңа ұрпақ үлкендердің даналығын, тәжірибесі мен қадір-қасиеттерін үлгі тұтады. Соғыс жылдары жауынгерлік ерлігімен олар бейбітшілікті қорғап, сақтап қалды, сол үшін аштық пен қайғы-қасіретті бастан кешті, соғыстан кейінгі жылдары құлдыраған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіріп, өз еңбектерімен экономикалық дамуына зор үлес қосқан. Қарттарды әлеуметтік қолдау мен қорғауға, олардың экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мен Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларында кепілдік берілген. Қазіргі кезде ғылыми тұрғыда қартаюдың қалыпты процесс екендігі дәлелденіп, бұл жағдайда да әлеуметтік қарым-қатынас пен әлеуметтік белсенділікті сақтап қалуға мүмкіндік бар екендігі айқындалды.

Адамдардың өзін қарт ретінде қабылдауы көп жағдайда индивидуалды ерекшеліктерге тәуелді, яғни жаңа мәртебені қабылдауда оның қоғамдағы және жақындары арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Қарттардың әлеуметтік мәртебесіне келетін болсақ, оның қазіргі қоғамда төмен екендігін байқауға болады. Себебі қоғам мен мемлекет аталған әлеуметтік топты қоғам дамуына үлес қосушылар ретінде қарастырмауында, олардың бос уақыт потенциалы мен жиналған тәжірибесін пайдаланбайды, керісінше оларды қаржылық масыл ретінде түсінуде болып отыр. Сондықтан да, көптеген әдебиеттерде қарттардың әлеуметтік мәртебесін сипаттайтын, яғни қоғамның енжар мүшелері мен әлеуметтік қолдаудың клиенттері ретінде «өмірдің шегі» термині жиі кездеседі. Адамдық дамудың ерте кезінен бастап-ақ қоғамның қарт адамдарына деген қарым-қатынасының басқаша екендігі байқалған болатын. Іс жүзінде ежелгі әлемдегі барлық мемлекетте геронтоқратия, яғни тікелей аударғанда «қарттардың билігі» үстемдік еткен. Мақалада қарттардың әлеуметтік мәртебесі, белсенділігі мен құндылықтары туралы мәліметтер толығымен қарастырылған. Сонымен қатар, әлеуметтік мәртебені жоғарылатудың жолдары мен технологияларына жан-жақты талдау жасалған.

Түйін сөздер: қарттар, қарттық, геронтология, гериатрия, мәртебе, белсенділік, әлеуметтік белсенділік, терапия.

Sarybaeva I.S.

Features of social activity of older persons

Changing social status of the person in old age, caused primarily the termination or limitation of employment, the transformation of values, of the lifestyle and communication, as well as the emergence of various difficulties in social and domestic, as well as in psychological adaptation to the new conditions, dictated by the need to develop and implementation of specific approaches, forms and methods of social work with the elderly. Changing social status of the person in old age, as practice shows, first of all a negative effect on the moral and material situation negatively affects the mental state reduces its resistance to disease and adaptation to environmental change. Values, status, role covers all aspects of human life, which creates a certain difficulty in determining the value orientation of personality structure, factors of its determination.

The essence of aging through a description of the qualitative characteristics of the age, which include the processes of biological aging, changing social status of the elderly (change of status, role, lifestyle, etc.), psychological problems (number of older crises, personality changes, and others.). The analysis of the various points of view on the types of aging, resulting identified two generic types of aging: active aging (representatives of this type without any emotional disturbance experienced this period of life) and passive old age (the representatives of this type are experiencing a painful feeling of uselessness, narrowing the range of interests, alienation). The authors analyzed the most studied works and concluded that case, the period of aging creates a new value-normative concept of identity and raise issues related to the problems of older people to adapt to the changing conditions of their lives.

Key words: elderly people, advanced age, gerontology, geriatrics, status, activity, social activity, therapy.

Сарыбаева И.С.

Особенности социальной активности пожилых людей

В статье раскрыта сущность старения через описание качественных характеристик возраста, которые включают процессы биологического старения, изменение социального положения пожилых людей, психологические проблемы. Проведен анализ различных точек зрения на типы старения, в результате которого выделены два обобщенных типа старения: активная старость (представители этого типа без особых эмоциональных нарушений переживают данный период жизни) и пассивная старость (представители данного типа переживают тягостное чувство ненужности, сужение круга интересов, отчуждение). Автор проанализировал большинство изученных работ и сделал вывод, что в период старения формируются по-новому ценностно-нормативные понятия личности и поднимают вопросы, связанные с проблемами адаптации пожилых людей к изменяющимся условиям их жизни.

Ключевые слова: пожилые люди, пожилой возраст, геронтология, гериатрия, статус, активность, социальная активность, терапия.

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Қарттықтың белгісі – жыл өткен сайын адам денсаулығының төмендеуінен байқалады. Осы жаста оның ұстанған өмір салтының нәтижесі көрінеді. Бала кезден бергі барлық қиыншылықтары, материалдық жағдайы т.б. сияқты жағдайлар оның денсаулығының нәтижесін айқындайды. Егде адамдардың денсаулығы туралы айтқанда, олардың әр түрлі созылмалы аурулары, мүгедектігі ғана емес, толыққанды үйлесімділік және адами қасиеттері тұрғысынан да қарау керек. Егде адамдардың денсаулығы еңбек және қоғамдық қызметке қабілеттілігінен көрінеді, сондай-ақ еңбек ету қабілетін және қоғамдық белсенділігін сақтауынан да көрінеді. В.П. Казначеев және М.Г. Субботин атап өткендей, адам организмі қартайғанда тек қана жайлылықты ғана емес, сондай-ақ белгілі бір жайсыздықты, барлық функцияларының қысымға ұшырауы мен жаттықтыруын да сезінуі керек.

Қарттықтың басталуы денсаулық пен дене күшінің әлсіреуінен, кәсіби-әлеуметтік қызметімен, есте сақтау қабілетінің төмендеуі және өзгеруімен, отбасылық өмірден алшақтауымен сипатталады. Адамның есеюі де, қартаюы да біркелкі жүрмейді, бұл оның сана-сезімінде әртүрлі қалыптасады. Өкінішке орай, отандық геронтологияда психо-физиологиялық процестер және әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі жақсы зерттелінеді де, ал олардың өзіндік санасы мен ішкі дүниесі аз зерттелген. Сонымен бірге қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігі жөнінде зерттеулер саны елімізде аз. Сол себепті де қазіргі кезде қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігін зерттеу өзекті болып отыр.

Негізгі бөлім

«Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігінің мәні мен мазмұнына» тоқталмас бұрын, жалпы «әлеуметтік белсенділік» ұғымына және оны зерттеген ғалымдар еңбектеріне тоқталған жөн. Қарт адамдардың мәртебесінің төмендеуіне осы әлеуметтік белсенділік мәселесі де ықпал етуі мүмкін.

Белсенділік – адамның іс-әрекеті барысындағы жағдайын көрсетеді. Тіршілік ету және іс-әрекет жасау барысында

адамның қарым-қатынас, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды.

Әлеуметтік белсенділік адам белсенділігінің маңызды саласы мен ерекше деңгейін құрайды. Әртүрлі авторлар әлеуметтік белсенділік ұғымын түрліше түсіндіреді. Бұл ұғымды түсіндіру барысында ешқандай автор «әлеуметтік» және «қоғамдық» белсенділіктің ара-жігін ажыратқан жоқ. В.Г. Мордкович «қоғамдық белсенділікті» «әлеуметтік белсенділікпен» синоним ұғым ретінде түсіндіреді. Н.А. Степанова «қоғамдық белсенділік» ұғымын «әлеуметтік белсенділік» ұғымымен туысқан ұғымдар ретінде қарастырады.

А.В. Брушлинский болса, бұл екі ұғымды бір бірінен ажыратып сипаттайды: әлеуметтік және қоғамдық.

Әлеуметтік – бұл табиғатпен тікелей байланысты, субъектінің болмысы мен психикасын сипаттайтын адамдық қасиеттері. Ал, қоғамдық дегеніміз ол әлеуметтіктің синонимі емес, барлық әлеуметтіліктің шексіз айырмашылықтарының типологиялық сипаттамасы.

Тұлғаның әлеуметтік белсенділігі оның қоғамдық ортадағы мүмкіндіктері мен қабілеттерінің деңгейін анықтайтын іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Яғни, әлеуметтік белсенділік деп белгілі бір әлеуметтік іс-әрекетті атқару барысындағы дайындығын атауға болады.

Л.Н. Жилин мен Н.Т. Фролов әлеуметтік белсенділікті тұлғаның психологиялық сапасы ретінде түсіндіреді.

В.З. Коган «Әлеуметтік белсенділікті» – қоршаған ортадағы құбылыстар мен процестерге субъектінің персоналды ықпалының шегі мен деңгейін анықтайтын саналы және мақсатты бағытталған және біртұтас әлеуметтік-психологиялық сапасы деп түсіндіреді.

Соңғы жылдары экономикасы дамыған елдерде «қартаюшы халық» көптеген зерттеушілердің негізгі зерттеу объектілеріне айналып отыр. Бұл қазіргі қоғамдағы қарт адамдардың көбеюімен және халық құрылымының өзгеруімен сипатталады.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдары классификациясына сәйкес, 45-60 жас – орта жас, 60-75 жас – қарттық, 75 жастан бастап – кәрілік болып есептеледі. Әлеуметтанушылар адам өміріндегі мұндай жастарды «үшінші жас кезеңі» деп атаса, демографтар «үшінші» (60-75) және «төртінші» 75-тен жоғары жастарды есептейді.

Өмір сүру жасының ұзақтығы қарт адамдардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуымен байланысты күрделі мәселелерді

туындатты. Бірінші кезекте халықтың жұмыс жасайтын бөлігіне қаржылық ауыртпалықтың түсуі. Бұл мәселені шешудің бір жағы, ол қарт адамдардың физикалық және интеллектуалдық потенциалын қоғамдық өмірде пайдалану болып табылады. Сондықтан да, отандық және шетелдік зерттеушілерді «белсенді қарттық» феномені мәселесі жиі қызықтыруда.

Қоғамның өміріне белсенді түрде қатысуы, ол адамның ішкі әлемінің күрделі құрылымы мен динамикасына тікелей тәуелді. Бұл құрылым көпдеңгейлі құраммен сипатталады, адам әлемі оның санасындағы әртүрлі құндылықтармен, эмоциялармен, ойлармен ерекшеленді; өндіруші әлем – пәндік-тәжірибелік іс-әрекет; бейнелер, мәдени символдар мен белгілер, қиял мен елестету әлемі және т.б.

Белгілі бір қарым-қатынастағы сандық және сапалық іс-әрекеттер «әлеуметтік белсенділік» болып табылады. Мұндай іс-әрекеттер адамға сырттан талап етілмеуі тиіс, ол оның ішкі қажеттіліктерінен туындауы керек.

Әлеуметтік белсенділікті туындататын қоғамның мүддесіне сәйкес әлеуметтік мәнге ие қажеттіліктер болып табылады. Дәстүрлі түрде мұндай әлеуметтік белсенділік – еңбектік, қоғамдық-саяси және танымдық деп бірнеше түрге бөледі.

Қарттар мәселесіне келетін болсақ, олардың қоғамдық пікірдегі рөлі түсініксіз жағдайда қалып отыр. Мұндай әлеуметтік бейғамдық, қарт адамдарды өмірлік бағыттарынан айырып, психологиялық тұрақсыздыққа алып келеді. Осылайша, өзгеріске ұшыраған физикалық, психологиялық және әлеуметтік дағдарыс, адамның сол дәуірге сай емес екендігін мойындауына алып келеді.

Осыдан келіп, қарт адамдардың психологиялық және физикалық қиындықтарынан шығару арқылы ғана, қоғамдық ортадағы белсенді өмірге қатыстыра аламыз. Себебі, әлеуметтік белсенділік қарт адамның өмірінің мәнін, қажеттілігін, мотивациясын анықтауға және өзі мен қоршаған ортаны бағалауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік белсенділік мәселесі – тұлғаның отбасының, қоғамның, мемлекеттің өміріне араласу деңгейі мен әлеуметтік ұстанымдарының жиынтығы десек қателеспеген болар едік.

Тұлғаның әлеуметтік белсенділігі – қоғамдық-саяси қатынастағы әлеуметтік белсенділігі, бос уақытын өткізудегі әлеуметтік белсенділігі, әлеуметтік-экономикалық қатынастағы әлеуметтік белсенділігі деп 3 түрге бөлінеді.

Қоғамдық-саяси қатынастағы әлеуметтік белсенділік – бұл тұлғаның саясатқа, мәдениетке қызығушылық деңгейінің жоғарылауымен және қоғамдық саяси ұйымның жұмысына араласуымен сипатталады.

Бос уақытын өткізудегі әлеуметтік белсенділігі тұлғаның бос уақытын пайдалану деңгейі, денсаулығы мен мәдени демалысқа деген қарым-қатынасы, рухани потенциалын жоғарылатуы, болашақ ұрпаққа тәрбие берудегі қатынасымен тұжырымдалады.

Ал, әлеуметтік-экономикалық қатынастағы әлеуметтік белсенділігі оның кәсібі мен еңбек ету қабілетімен тікелей байланысты болып отыр. Осы тұрғыда қарт адамдардың бойында байқалатын әлеуметтік белсенділіктің түрлеріне тоқталып өтсек:

– еңбекке деген әлеуметтік белсенділік – жалақы төленетін кез келген кәсіп немесе жұмысбастылық;

– қоғамдық-саяси белсенділік – өзін қоғамдық ортада толыққанды сезінуі арқылы рухани қанағаттанушылық сезімі;

– бос уақыт белсенділігі – қарттардың әртүрлі себептер мен қажеттіліктеріне байланысты өмірге деген қызығушылықтың сақталуы;

– отбасылық-тұрмыстық белсенділік – отбасында қарт адамның өзіндік орны мен рөлі және атқаратын қызметінің болуымен анықталады.

Әлеуметтік белсенділіктің көрсеткіштері ретінде дәлелділік, қызығушылық пен ынта-ықыласын атауға болады. Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігі олардың отбасы мен туысқандарына және жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Алайда, қоғамдағы орын алып отырған өзгерістер, қарт адамдардың да қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің, яғни әлеуметтік белсенділік түрінің өзгеруіне ықпал етті. Бұл өз кезегінде қарттық кезеңдегі жалғызбастылық пен шеттеулік сезімінен арылуға септігін тигізеді.

Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігі субъективті (жеке адамның тұлғалық ерекшеліктеріне, білім деңгейіне, оның мотивациясы мен өмірлік позициясына тәуелді) және объективті (қарттарға деген қоғамның қатынасы, әлеуметтік басқаруды жетілдіру, әртүрлі әлеуметтік институттардың іс-әрекеті мен қызығушылықтарымен келісу) факторларға да тәуелді.

Ғылыми әдебиеттерде қоғамдағы қарт адамдардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің төмендеуінің себептері ретінде келесілерді атауға болады:

- еңбек іс-әрекетін тоқтату;
- зейнетақының төмен деңгейі;
- басқа табыс көздерінің жоқтығы және туысқандары тарапынан көмектің жоқтығы;
- тұрғын үй-коммуналды және медициналық қызмет көрсетуге кететін шығын деңгейінің жоғарылығы;
- өмірдің жаңа жағдайларына тез бейімделе алмауы;
- білім деңгейін көтере алмауы;
- еңбек нарығында жасына байланысты сұранысқа ие еместігі;
- денсаулығының әлсіздігі.

Қазіргі уақытта қарт адамдардың әлеуметтік мәртебесі өте төмен жағдайда. Көпшілік адамдар қарттықты аурулармен, белсенділіктің төмендеуімен, зейнеткерлікке шығумен, жалғыздықпен байланыстырады. Алайда, бұл аталғандардың бәрі, қарттардың зейнеткерлікке шыққаннан кейін де әлеуметтік және тұлғалық белсенділігін сақтап қалатындығына қарама-қайшы келеді. Тарихымызға үңілетін болсақ та, онда көптеген бабаларымыздың елді өмірлік және кәсіби тәжірибемен басқарғандығын көреміз.

Қазіргі кездегі қоғамдағы мемлекеттік және әлеуметтік саясат, жас ұрпаққа, яғни әлеуметтік-демографиялық топқа бағытталған. Сондықтан да, оларға өз тәжірибелері мен ұлағатын қалдыру үшін өзінің потенциалын жоғалтпаған қарт адамдарға әртүрлі бағытта қолдау жасау қажет.

Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігінің негізгі ерекшеліктері: ынта-ықыласы мен көңіл-күйлерінің өзгергіштігі. Осы аталған қасиеттері олардың алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне жетуіне мүмкіндік береді.

Қоғамдық-саяси және әлеуметтік іс-әрекет тұлғалық қажеттіліктерге сәйкес, қарт адамдардың әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қатысумен сипатталады. Мұның барлығы, оларға өз өмірлерін өз бетінше бақылай алуға қабілеттілігін сезінуге, қоғамдық қарым-қатынастың сұранысқа ие және белсенді қатысушылары болуға, әлеуметтік қызмет пен көмектің тұтынушылары емес, керісінше әртүрлі қорлар, клубтар мен кеңестердің белсенділері мен ұйымдастырушылары ретінде сезінулеріне мүмкіндік береді. Негізгі міндет, бұл қарттық шақтағы әлсіздік пен ауру-сырқаулардың пайда болатын кезінде олардың белсенді өмір сүрулері үшін жағдай жасау болып табылады. Осы секілді көптеген мәселелерді шешу үшін қарт адамдардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында ресурстарды белсендіру принципі жүзеге асырылуы тиіс.

Күнделікті отбасылық сала отбасы міндеттері мен отбасылық өмір ырғағын айқындайды. Отбасы матрица ретінде көрінеді, себебі мұндағы қарт адамдар туысқандармен байланыс орнатады, отбасы тарихын, дәстүрін сақтайды.

Мәдени-бос уақыттық және шығармашылық іс-әрекет қарт адамдардың жемісті әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне, яғни өмірдің көптеген салаларында белсенділігі мен ұмтылысының жоғарылауына алып келеді. Белсенді бос уақыт қарттарға креативті мінез-құлықтарын дамытуға, өздері үшін өнердің жаңа түрін игеруге, өмірлік мәселелерді шешуде шығармашылық бағыттар табуға көмектеседі. Бос уақыт қарттар үшін реттелген болып келеді, сонымен бірге өзіне ұнайтын істермен айналысуына және жаңасын игеруге ешқандай кедергі келтірмейді.

Білім берушілік іс-әрекет қарт адамдардың тұлғалық дамуына, өздерінің белсенді өмірлік позициясын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Геронтологиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ, жас аралығымен ерекшеленетін құрылымдық өзгеріс, қарттық шақтағы адамдардың білім алу процесіне ешқандай кедергісін келтірмейді. Ақыл-ой тоқтатқан жастағы адамдар өмірлік кез келген жағдайларда дұрыс және тиімді шешім қабылдауға қабілетті болып келеді. Сонымен бірге, ұлғайған жаста білім алу психикалық қызметтерін жаттықтырудың бірден бір тиімді түрі болып табылады. Ұлғайған жастағы білім алудың маңызды нәтижесі, бұл қарттардың қоғамдағы имиджінің позитивті тұрғыда өзгеруіне және қоғамдағы әртүрлі белсенділіктерге бастама бола алады.

Белсенді өмірлік позиция қарт адамдардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен дамытуға, соның ішінде, білімін толықтыруға, қарым-қатынасқа, өзін-өзі көрсетуге, күнделікті және отбасылық қатынасты қалыпты жағдайда сақтап тұруға септігін тигізеді.

Бүгінде қарттардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасау керек. Қазіргі кездегі геронтологиялық зерттеулерге сүйенетін болсақ, жастармен салыстырғанда қарт адамдардың күйзеліске ұшырау деңгейі өте жоғары; сонымен қатар, зейнеткерлер суицидтік тәуекелге өте жақын топтардың біріне жатады.

Әртүрлі геронтологиялық тәуекелдерді атауға болады: әлеуметтік оқшаулану, кедейшілік, жесірлік, ауру-сырқау, тәуелділік деңгейінің жоғарылауы, жеке баспанасының болмауы, отбасылық жайлы жағдайдың болмауы.

Бұл себептердің барлығы олардың қоғамдағы әлеуметтік аутсайдерлердің тобына енуіне алып келуі ықтимал.

Қарттық шақ ұғымы биологиялық қана емес, әлеуметтік-психологиялық та сипатқа ие. Жоғарыда атап өткеніміздей қарттықтың бірнеше түрлерін атауға болады: хронологиялық, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Олардың барлығы да бір-бірімен өте тығыз байланысты және өзара бір-біріне әсер етеді. Жалпы хронологиялық қарттықтың белгілі бір шегі жоқ. Әртүрлі қоғамдарда қарттық жасы әртүрлі болып келеді. Мысалы, Пифагор адамның өмірі 20 жылдық аралықты қамтитын жылдың төрт уақытын атаған: қалыптасу кезеңі (20 жасқа дейін), жас адам (20 жастан 40 жасқа дейін), күш-қуаттың кемелденген шағы (40 жастан 60 жасқа дейін), қарттық (60 жастан 80 жасқа дейін). Ал, Ибн-Сина 50-60 жас бұл қарттықтың басы деп айтқан болатын.

Сондықтан да, мұндай жастағы қарттарға қоғам үшін де және өзінің физиологиялық, моралдық және әлеуметтік көңіл-күйінің қалыпты болуы үшін де әлеуметтік белсенділіктің маңыздылығы өте жоғары. Мұндай белсенділік қандай да бір қоғамдық жұмыспен, білім беру іс-әрекетімен, бос уақытын белсенді өткізумен, спортпен айналысумен, қызығушылығына байланысты белсенділік (бау-бақша егу, тауық асырау, балықтар, кондитерлік өнімдер пісіру, музыкамен, өнермен айналысу және т.б.) түрлерінен көрінеді.

Қарттардың әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін Еуропа, АҚШ, Германия, Скандинавия елдерінде арнайы білім беру жүйесі дайындалған. Мұндағы білім беру саласы мемлекеттік, қоғамдық, жеке бағыттарда жүзеге асады. Олар оқу орындары жанынан біліктілігін көтеру институттары мен факультеттері ғана емес, сонымен қатар үздіксіз білім беру бағдарламасы негізінде де жұмыс жасайды. Қарттарды оқыту үшін ақылы және қоғамдық ұйымдар тартылады. Германияда қарттарды оқыту ұйымдары шіркеулерде, партияларда және қоғамдық бірлестіктерге жүзеге асырылады.

Білім беру орталықтарымен қатар, қарттардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал ететін орындар әлеуметтік-мәдени мекемелер, яғни клубтар. Қарттар клубының негізгі мақсаты – уақытын тиімді өткізу, әртүрлі мәдени-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, жаңа қызығушылықтар туындату және достық қарым-қатынастар орнату болып табылады. Бұл ұйымдар қарттарға белгілі бір қызметтерді, кө-

мектерді ұсынады және демалыстар мен ойынауықтарды ұйымдастырады.

Сонымен қатар, қарттардың әлеуметтік белсендігін көтеруде маңызды рөл атқаратын, бұл өзара көмек көрсететін қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер. Мұндай ұйымдар мен бірлестіктердің мақсаты мен міндеттері әртүрлі болып келеді: ұйым мүшелерінің қызығушылықтары мен құқықтарын қорғау, құқықтық көмек, жұмысқа орналасуға көмектесу, ақпараттық-танымдық қызмет, әскери-патриоттық қызмет, қаржылық және материалдық көмек, мәдени-бос уақыттық іс-әрекет, медициналық көмек, күнделікті қызметтерге жеңілдіктер жасау және т.б.

Ресейде мұндай ұйымдардың ең кең тараған түрі бұл Ардагерлер Кеңесі. Сонымен бірге, зейнеткерлер партиясы қалыптасқан. Шетелде өзара көмек көрсету топтарын құру да жиі көрініс береді.

Сонымен қатар, қарттардың әлеуметтік субъектілігінің төмендеуіне (80 жастан кейін) отбасындағы немесе жұмыстағы абыройына қысым көрсетулер мен еңбек нарығындағы сұранысқа сай болмауы да ықпал етуі мүмкін. Қарт адамдардың әлеуметтік субъектілігін белсендіру мен дамыту үшін саяси және қоғамдық механизмдерді жетілдіру қажет. Біріншіден, еңбек нарығында қарт адамдар потенциалын жүзеге асыру үшін жағдай жасау. Екіншіден, қарттарды, соның ішінде ауылдық жерлерде тұратындарды белсенді өмір сүрудің әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері туралы ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету. Үшіншіден, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарды қажетті деңгейде қаржыландырумен қамтамасыз ету қажет.

Қарттардың көпшілігінің зейнеткерлікке шыққаннан кейін жұмыс жасауының себебі, төмен материалдық жағдай болып отыр. Яғни, зейнетақының аздығы, олардың қосымша жұмыс жасау арқылы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылады. Зейнеткерлердің мұндай жұмысбастылығы «мәжбүрлі түрде» орын алғаннан кейін, пассивті болып келеді.

Егер, зейнеткер өзінің қоғамдағы рөлін нығайту және дамыту мақсатында жұмыс жасайтын болса, онда бұл қарт адамның әлеуметтік белсенділігі болып табылады. Бұл жағдайда қарттар белсенді қарттықты қалыптастыру мақсатында да жұмыс жасайды.

Қарттардың жұмыс жасайтындарының 30 пайызы ғана өздерінің кәсіби мәртебесін сақтап қалған, яғни бұрынғы жұмыс орындарында жұмысын жалғастырып жатқандар (олардың ішінде 62 пайызы оқытушылар мен дәрігерлер)

болып табылады. Ал қалған пайызы өз жұмыс орындарын мәжбүрлі түрде ауыстырғандар болып отыр.

Қарттардың еңбек іс-әрекетін жалғастыруы олардың білім деңгейіне (жұмыс жасайтын зейнеткерлердің көпшілігі жоғары білімді және ғылыми дәрежесі барлар), отбасылық жағдайына (отбасы бар зейнеткерлер), еңбек жағдайына, организмнің физиологиялық және психологиялық қызметтерінің өзгерісіне байланысты болып келеді.

Жұмыс жасайтын қарттардың ішіндегі ең көбі бұл жоғары білімі бар және ғылыми дәрежесі бар зейнеткерлер. Ал жұмыс жасайтын зейнеткерлер ішіндегі ең азы орта білімі мен арнайы орта білімі барлар болып отыр.

Әрине, қарт адамдардың еңбек етуі мен жұмыс табуы қиындық туғызатын мәселе. Себебі, олардың жас ерекшелігі бір жағынан, жұмыс берушілердің талаптарына қарама-қайшы келеді. Ал екінші жағынан, денсаулығына да тікелей тәуелді.

Жалпы, қарттардың жұмысын зейнеткерліктен кейін жалғастыруы, олардың қоғам алдындағы жауапкершіліктерін арттырады. Сонымен қатар, өзін қажетті және қауіпсіз сезінеді.

Еңбек етуден басқа да қарттар азаматтық қоғамда әлеуметтік-саяси белсенділік көрсете алады. Қарттардың қоғамдық жұмыстарға араласуы, олардың психологиялық тұрғыда тез бейімделуіне және физиологиялық тұрғыда да белсенділігінің артуына ықпал етеді. Олар қоғамдық жұмыстармен айналыса отырып, жас-өспірімдер мен жастарды патриоттық тәрбиеге баулиды және өзінің жинақтаған тәжірибесімен бөліседі. Мұнда тек қарт адамдардың ғана мәселелері шешілмейді, сонымен бірге қоғамдық та мәселе өз шешімін табады. Яғни, қарттардың жинақталған тәжірибесінің маңыздылығы артады және оны жастардың пайдалануына мүмкіндік туады.

Сонымен қатар, көптеген қоғамдық реформалар мен іс-әрекеттер жүргізуде қарттардың үлесі зор. Олардың құзіретті органдарға арнайы сыни хаттар жазуы, қарттардың саяси мәселелерді шешудегі демократиялық және әлеуметтік белсенділігін көрсетеді.

Қазіргі Қазақстандағы халық санының үлесінде қарттар санының көбеюі, қоғамдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани-адамгершілік өзгерістердің орын алуына алып келеді. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарамай, оның қоғамға алып келуі мүмкін күрделі әлеуметтік қиындықтарының алдын алу үшін іс-шаралар жүргізу қажет.

Қорытынды

Қарт адамдардың жастарда жоқ бір қасиеті бар, бұл – өмір даналығы, білім құндылығы. Дәл осы даналық жер бетіндегі өмір сүруші адамға ұзақ уақыт серік бола отырып, қоғамның дамуына жағымды жағдай туғызып отырады. Кез келген жастың алдағы уақытта қарт адамға, қарияға

айналары белгілі. Сол себепті де бұл мәселені зерттеуге, оның әлеуметтік және басқа да қиындықтарын шешуге баса назар аударған жөн.

Сондықтан да, қоғамдағы қарт адамдар әлеуметтік қолдауды керек етеді. Әлеуметтік қолдау өмірдегі кемелденген шағына сәйкес келетін бейімделумен әрекеттесетін маңызды фактор болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Калиева А.А. Социальная адаптация пожилых людей к современным условиям// Вестник. Серия психологии и социологии. – №4. – 2010.
- 2 Харченко А.Е. Проблемы формирования социальной активной пожилых людей. Междисциплинарные исследования в теоретическом конструировании и эмпирической операционализацией соционимической проблематизации // V Международная электронная научная конференция. 15 февраля – 31 марта 2013 года.
- 3 Шеденова Н.У., Чинаилова А.М. Қазіргі кездегі қоғамдағы қарт адамдардың әлеуметтік мәртебесі // Хабаршы. Психология және социология сериясы. – №1(52). – 2015.
- 4 Арешкина Д.А., Дёмина Л.Д. Самореализация личности пожилого возраста в контексте удовлетворённости жизнью // Современные научные исследования и инновации. – 2014. – № 6.
- 5 Смолькин А.А. Бедность и социальный статус пожилых людей в современной России // Мониторинг общественного мнения. – №3 (97). – 2010.
- 6 Елютина М.Э. Пожилые люди и старые вещи в повседневной жизни// Социологические исследования. – 2009. – №7. – С. 104-107.
- 7 Харченко Е.А. Проблемы формирования социальной активности пожилых людей// Мониторинг общественного мнения. – №2 (120). – 2012.
- 8 Смирнова Т.В. Пожилые люди: стереотипный образ и социальная дистанция// Социологические исследования. – 2008. – №8. – С. 49-55.

References

- 1 Kalieva A.A. Social'naja adaptacija pozhilyh ljudej k sovpemennym yslovijam// Vestnik. Serija psihologii i sociologii. – №4. – 2010.
- 2 Harchenko A.E. Ppoblemny formirovanija social'noj aktivnoj pozhilyh ljudej. Mezhdisciplinapnye issledovanija v teopeticheskom konstpyipovanii i jemipicheskoj opepacionalizaciej socionimicheskoj ppoblematizacii // V Mezhdynapodnaja jelektron-naja naychnaja konferencija. 15 fevpalja – 31 maпта 2013 goda.
- 3 Shedenova N.Y., Chinasilova A.M. Kazipgi kezdegi koғamdaғы qapт adamdapдың әleymettik мәртеbesi // Habapshy. Psihologija zhәne sociologija sepijasы. – №1(52). – 2015.
- 4 Apeshkina D.A., Djomina L.D. Samepalizacija lichnosti pozhilogo vozpasta v kontekste ydovletvojonnosti zhizn'ju // Sovpemennye naychnye issledovanija i innovacii. – 2014. – № 6.
- 5 Smol'kin A.A. Bednost' i social'nyj statys pozhilyh ljudej v sovpemennoj Possii // Monitoping obshhestvennogo mnenija. – №3 (97). – 2010.
- 6 Eljutina M.Je. Pozhilye ljudi i stapye veshhi v povsednevnoj zhizni// Sociologicheskie issledovanija. – 2009. – №7. – S. 104-107.
- 7 Harchenko E.A. Ppoblemny formirovanija social'noj aktivnosti pozhilyh ljudej// Monitoping obshhestvennogo mnenija. – №2 (120). – 2012.
- 8 Smipnova T.V. Pozhilye ljudi: stepeotipnyj obpaz i social'naja distancija// Sociologicheskie issledovanija. – 2008. – №8. – S. 49-55.

ЦЕНТР СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ ИССЛЕДОВАНИЙ И СОЦИАЛЬНОГО ИНЖИНИРИНГА

Центр создан по решению Ученого Совета университета и функционирует с 24 декабря 2010г. на базе кафедры социологии и социальной работы факультета философии и политологии.

Руководителем центра является – доктор социологических наук, профессор Абдирайымова Г.С.

Основной **целью** Центра является выполнение фундаментальных и прикладных научно-исследовательских работ, имеющих актуальность и практическое значение.

Основные научные направления деятельности:

✓ Организация и проведение фундаментальных и прикладных научных исследований по актуальным социальным процессам и феноменам; создание эмпирической базы для научно-исследовательской работы молодых исследователей и преподавателей; мониторинг оценки качества образовательных услуг студентами и преподавателями университета; социологическое сопровождение проводимой в университете деятельности в области менеджмента качества образовательных услуг.

✓ Оказание научной и методической помощи молодым исследователям (консультации с докторантами, магистрантами, бакалаврами и соискателями по диссертационным и научным исследованиям, специальные разработки).

✓ Оказание методической помощи по вопросам проведения конкретных социологических исследований.

✓ Формирование банка статистических данных и документации, необходимых для работы центра, кафедры социологии и социальной работы, подразделений университета; сбор и обработка социологических данных для выполнения фундаментальных и прикладных исследований преподавателями, докторантами и магистрантами вуза.

✓ Оказание методических, экспертных и консалтинговых услуг внешним заказчикам на договорной основе.

✓ Выполнение исследовательских работ, в том числе совместных, по договорам с организациями, учреждениями и предприятиями различных форм собственности.

✓ Совместная разработка проектов и проведение исследований с научно-исследовательскими и образовательными структурами Казахстана и зарубежных стран.

Контактные данные:

г. Алматы, пр. аль-Фараби 71. КазНУ им. аль-Фараби. Факультет философии и политологии.

Тел.: 2925717, доб. 2127.

E-mail: Gulmira.Abdiraiymova@kaznu.kz